

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 және "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 150 бұйрықтарына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 15 тамыздағы № 448 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

01 "Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер" сыныбында:

6 "Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 04 ерекшелікпен толықтырылсын:

"04 Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің уақытша бос бюджет қаражатын қаржы құралдарына орналастырудан алынған сыйақылар";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" функционалдық тобында:

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 017 бюджеттік бағдарламасы бар 261 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"261 Облыстың білім басқармасы

017 Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету";

265 "Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"005 Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 017 бюджеттік бағдарламасы бар 266 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"266 Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы
017 Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 006 бюджеттік бағдарламасы бар 277 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"277 Облыстың өнеркәсіп және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы
006 Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 008 бюджеттік бағдарламасы бар 280 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"280 Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы
008 Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 004 бюджеттік бағдарламасы бар 302 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"302 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы
004 Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

279 "Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы
" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

046 "Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"005 Ішкі қарыздар есебінен";

458 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

053 "Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 034 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"034 Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен";

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобында:

1 "Отын және энергетика" функционалдық кіші тобында:

458 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

019 "Жылу-энергетикалық жүйені дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 034 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"034 Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

2 "Су шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

255 "Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 023 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"023 Суарудың су үнемдейтін технологияларын енгізуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау";

741 "Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 043 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"043 Суарудың су үнемдейтін технологияларын енгізуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

9 "Басқалар" функционалдық кіші тобында:

466 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

071 "Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 028 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"028 Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен".

2. "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық

одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 150 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесінде:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

01 "Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер" сыныбында:

6 "Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы жолдарымен толықтырылсын:

"

Квази мемлекеттік сектор субъектілерінің уақытша бос бюджет қаражатын қаржы құралдарына орналастырудан алынған сыйақылар	2	01	6	04	100							
--	---	----	---	----	-----	--	--	--	--	--	--	--

".

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК